

ISSN: 1814-6961 (print)  
ISSN: 2788-9718 (online)

**Отан тарихы**  
**Отечественная история**  
**History of the Homeland**

Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал  
2023. № 26 (1)

---

### **Бас редакторы:**

Қабылдинов Зиябек Ермұханұлы

### **Редакциялық алқа**

1. Әбіл Еркін Аманжолұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор; Мемлекет тарихы институтының директоры (Астана, Қазақстан); [Scopus Author ID: 55801644900](#); [ORCID](#)
2. Әжіғали Серік Ескендірұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор; Шығыс елдері архитектурасы Халықаралық академиясының корр.-мүшесі; Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері (Алматы, Қазақстан); [Scopus Author ID: 57478728700](#); [ORCID](#)
3. Әбусейітова Меруерт Қуатқызы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының тарихи материалдарды зерттеу жөніндегі Республикалық орталығының директоры (Алматы, Қазақстан); [Scopus Author ID: 57208107912](#); [ORCID](#)
4. Вильмено Анне-Мари, антропология докторы, Лувен католик университетінің профессоры (Лувен, Бельгия); [Scopus Author ID: 36679419300](#); [ORCID](#)
5. Смағұлов Оразақ Смағұлұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясының академигі, Италияның Болонья Ғылым Академиясының мүше корреспонденті, ҚР Ұлттық музейінің физикалық антропология лабораториясының меңгерушісі (Астана, Қазақстан); [Scopus Author ID: 22979625700](#); [ORCID](#)
6. Крупа Татьяна Николаевна, В.Н. Карамзин атындағы Харьков ұлттық университетінің Слобод Украинаның археология және этнология музейінің реставрациялық шеберхананың меңгерушісі (Харьков, Украина);
7. Көмеков Болат Ешмұхамедұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясының академигі, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Қыпшақтану Халықаралық институтының директоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры (Алматы, Қазақстан); [Scopus Author ID: 57193858171](#); [ORCID](#)
8. Кушқумбаев Айболат Қайырсыямұлы, тарих ғылымдарының докторы, бас ғылыми қызметкер, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университетінің аймақтану кафедрасының профессоры (Алматы, Қазақстан); [Scopus Author ID: 57202775542](#); [ORCID](#)
9. Мионг Сун-ок, антропология докторы, профессор (Сеул, Корея); [Scopus Author ID: 56720218700](#); [ORCID](#)
10. Моррисон Александр, PhD, NewCollege профессоры, Оксфорд (Оксфорд, Ұлыбритания); [Scopus Author ID: 35794760200](#); [ORCID](#)
11. Муминов Әшірбек Құрбанұлы, тарих ғылымдарының докторы, арабист, профессор, ИКҰ (Орталық Азия) ұйымдастыру қызметінің бас директорының кеңесшісі (Стамбул, Түркия); [Scopus Author ID: 56409722900](#); [ORCID](#)
12. Әлімбаев Нұрсан, тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері (Алматы, Қазақстан); [Scopus Author ID: 55860087100](#); [ORCID](#)
13. Садвокасова Закиш Төлеханқызы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері (Алматы, Қазақстан); [Scopus Author ID: 56682843400](#); [ORCID](#)
14. Өмер Құл, әлеуметтік ғылымдар докторы, Стамбул университетінің профессоры (Стамбул, Түркия); [ORCID](#)
15. Оно Рюосуке, тарих ғылымдарының докторы, Васеда университетінің антропология (Токио, Жапония);
16. Төлеубаев Әбдеш Тәшкенұлы, тарих ғылымдарының докторы, этнограф, археолог; әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры (Алматы, Қазақстан); [Scopus Author ID: 57189622830](#); [ORCID](#)
17. Уяма Томохико, PhD, Хоккайдо университетінің Славян-Еуразиялық зерттеулер орталығының профессоры (Саппоро, Жапония); [Scopus Author ID: 56471951500](#); [ORCID](#)
18. Петер Финке, PhD, Макс Планк атындағы Институтының профессоры, Цюрих университеті (Цюрих, Швейцария); [Scopus Author ID: 55124700300](#)

### **Жауапты редактор**

Мұқанова Гүлнар Қайроллақызы

### **Ғылыми редакторлар**

Қасымова Дидар Бейсенғалиқызы

Мурзаходжаев Қуаныш Мәдиұлы

### **Техникалық хатшылар**

Зікірбаева В.С., Черепанов Т.К.

**Главный редактор**  
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

**Редакционная коллегия**

1. Абиль Еркин Аманжолович, доктор исторических наук, профессор, директор Института Истории государства РК (Республика Казахстан, Астана); [Scopus Author ID: 55801644900](#); [ORCID](#)
2. Ажигали Серик Ескендирович, доктор исторических наук, профессор, Главный научный сотрудник, почетный заведующий отделом этнологии и антропологии Института Истории и этнологии (Республика Казахстан, Алматы); [Scopus Author ID: 57478728700](#); [ORCID](#)
3. Абусеитова Меруерт Хуатовна, доктор исторических наук, профессор, член-корреспондент Национальной академии наук РК; директор Республиканского информационного центра по изучению исторических материалов (Республика Казахстан, Алматы); [Scopus Author ID: 57208107912](#); [ORCID](#)
4. Вильмено Анне-Мари, доктор антропологии, профессор Католического университета Лувен, (Бельгия, Лувен); [Scopus Author ID: 36679419300](#); [ORCID](#)
5. Исагулов Оразак Исагулович, доктор исторических наук, профессор, академик Национальной академии наук РК, член-корр. Болонской АН (Италия), заведующий лабораторией физической антропологии Национального музея РК (Республика Казахстан, Астана); [Scopus Author ID: 22979625700](#); [ORCID](#)
6. Крупа Татьяна Николаевна, заведующая реставрационной мастерской Музея археологии и этнографии Слободской Украины Харьковского национального университета имени В.Н. Карамзина (Украина, Харьков);
7. Кумек Болат Ешмухамбетович, доктор исторических наук, профессор, академик Национальной академии наук РК; директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Республика Казахстан, Алматы); [Scopus Author ID: 57193858171](#); [ORCID](#)
8. Кушкумбаев Айболат Кайрслямович, доктор исторических наук, главный научный сотрудник, профессор кафедры регионоведения Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Республика Казахстан, Астана); [Scopus Author ID: 57202775542](#); [ORCID](#)
9. Мионг Сун-ок, доктор антропологии, ассоциированный профессор (Корея, Сеул); [Scopus Author ID: 56720218700](#); [ORCID](#)
10. Моррисон Александр, PhD, профессор NewCollege, Оксфорд (Великобритания, Оксфорд); [Scopus Author ID: 35794760200](#); [ORCID](#)
11. Муминов Аширбек Курбанович, доктор исторических наук, арабист, профессор; Консультант Генерального директора по организационной деятельности ОИК (Центральная Азия), (Турция, Стамбул); [Scopus Author ID: 56409722900](#); [ORCID](#)
12. Нурсан Алимбай, кандидат исторических наук, профессор; Главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Республика Казахстан, Алматы); [Scopus Author ID: 55860087100](#); [ORCID](#)
13. Садвокасова Закиш Тулехановна, доктор исторических наук, профессор; Главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Республика Казахстан, Алматы); [Scopus Author ID: 56682843400](#); [ORCID](#)
14. Омер Кул, доктор социальных наук, профессор Стамбульского университета; (Турция, Стамбул); [ORCID](#)
15. Оно Рюосуке, доктор исторических наук, антрополог Университет Васеда (Япония, Токио);
16. Толеубаев Абдеш Ташкенович, доктор исторических наук, этнограф, археолог; профессор Казахского национального университета имени аль-Фараби (Республика Казахстан, Алматы); [Scopus Author ID: 57189622830](#); [ORCID](#)
17. Уяма Томохико, PhD, профессор Центра славянско-евразийских исследований Университета Хоккайдо (Япония, Саппоро); [Scopus Author ID: 56471951500](#); [ORCID](#)
18. Финке Петер, доктор PhD, профессор Института Макса Планка, университет Цюриха (Швейцария, Цюрих); [Scopus Author ID: 55124700300](#)

**Ответственный редактор**

Муканова Гюльнар Кайроллиновна

**Научные редакторы**

Касымова Дидар Бейсенгалиевна

Мурзаходжаев Куаныш

**Ответственный секретарь**

Мурзаходжаев Куаныш Мадиевич

**Технический секретарь**

Зикирбаева В.С., Черепанов Т.К.

### Chief editor

Kabuldinov Ziyabek Yermukhanovich

### Editorial board

1. Abil Erkin Amanzholovich, doctor of historical sciences, professor, director of the of the Institute of history of state of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Astana); [Scopus Author ID: 55801644900](#); [ORCID](#)
2. Azhigali Serik Yeskendirovich, doctor of historical sciences, professor, chief researcher, emeritus head of the department of ethnology and anthropology of the Institute of history and ethnology of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Almaty); [Scopus Author ID: 57478728700](#); [ORCID](#)
3. Abusseitova Meruert Khuatovna, doctor of historical sciences, professor, corresponding member of the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan; director of the Republican information center for studies of the historical materials (Republic of Kazakhstan, Almaty); [Scopus Author ID: 57208107912](#); [ORCID](#)
4. Vuillemenot Anne-Marie, doctor of anthropology, professor of the Catholic university of Luven, (Belgium, Luven); [Scopus Author ID: 36679419300](#); [ORCID](#)
5. Ismagulov Orazak Ismagulovich, doctor of historical sciences, professor, academician of the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan, corresponding member of the Bologna Academy of sciences (Bologna, Italy), head of the physical anthropology laboratory of the National museum of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Astana); [Scopus Author ID: 22979625700](#); [ORCID](#)
6. Krupa Tatiana Nikolaevna, head of the restoration workshop of the Museum of archeology and ethnography of Slobodskaya Ukraine of the V.N. Karamzin Kharkov national university (Ukraine, Kharkov);
7. Kumekov Bolat Eshmukhambetovich, doctor of historical sciences, professor, academician of the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan; director of the Internal institute of Kypshak studies of the al-Farabi Kazakh national university, professor of Gumilev L. Eurasian national university (Republic of Kazakhstan, Almaty); [Scopus Author ID: 57193858171](#); [ORCID](#)
8. Kushkumbayev Aibolat Kairslyamovich, doctor of historical sciences, chief researcher of the regional studies department of the Gumilev L. Eurasian national university (Republic of Kazakhstan, Astana); [Scopus Author ID: 57202775542](#); [ORCID](#)
9. Myong, Soon-ok, doctor of anthropology, associate professor (Republic of Korea, Seoul); [Scopus Author ID: 56720218700](#); [ORCID](#)
10. Morrison Alexander, PhD, professor New College, Oxford (Great Britain, Oxford); [Scopus Author ID: 35794760200](#); [ORCID](#)
11. Muminov Ashirbek Kurbanovich, doctor of historical sciences, arabist, professor; consultant of the General director on organizational affairs OIC (Central Asia), (Turkey, Istanbul); [Scopus Author ID: 56409722900](#); [ORCID](#)
12. Alimbay Nursan, candidate of historical sciences, professor; chief researcher of the C.C. Valikhanov Institute of history and ethnology of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Almaty). [Scopus Author ID: 55860087100](#); [ORCID](#)
13. Sadvokassova Zakish Tleukhanovna, doctor of historical sciences, professor; chief researcher of the C.C. Valikhanov Institute of history and ethnology of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Almaty); [Scopus Author ID: 56682843400](#); [ORCID](#)
14. Omer Cul, doctor of social sciences, professor of Istanbul university (Turkey, Istanbul); [ORCID](#)
15. Ono Ryosuke, PhD, anthropologist Waseda University (Japan, Tokyo);
16. Toleubayev Abdesh Tashkenovich, doctor of historical sciences, ethnographer, archeologist; professor of al-Farabi Kazakh National university (Republic of Kazakhstan, Almaty); [Scopus Author ID: 57189622830](#); [ORCID](#)
17. Uyama Tomohiko, PhD, professor of the Slavic-Eurasian researches Center of Hokkaido University (Japan, Sapporo); [Scopus Author ID: 56471951500](#); [ORCID](#)
18. Dr. Peter Finke, PhD, professor of the Max Planck institute, Zurich university (Switzerland, Zurich); [Scopus Author ID: 55124700300](#)

### Executive Editor

Mukanova Gyulnar

### Scientific Editors

Kasymova Didar

Murzakhodzhayev Kuanysh

### Executive Secretary

Murzakhodzhayev Kuanysh

### Technical secretary

Zikirbayeva V.S., Cherepanov T.K.



## HISTORY / ТАРИХ / ИСТОРИЯ

Published in the Kazakhstan

Otan tarihy

Has been issued as a journal since 1998

ISSN: 1814-6961 (Print)

ISSN: 2788-9718 (Online)

Vol. 26. Is. 1, pp. 108-119, 2023

Journal homepage <https://otan.history.iie.kz>

FTAXP / МПНТИ / IRSTI 03.20

[https://doi.org/10.51943/2710-3994\\_2023\\_26\\_1\\_108-119](https://doi.org/10.51943/2710-3994_2023_26_1_108-119)

### HISTORICAL CONDITIONS AND FEATURES OF BAYANAUL OUTER DISTRICT'S FORMATION

Ainur Kairullina<sup>1</sup>, Kairat Battalov<sup>2</sup>, Samat Zhumatay<sup>3</sup>

<sup>1</sup>L.N. Gumilyov Eurasian National University (2, Satpaev Str, Astana, 010008, Republic of Kazakhstan)  
PhD student, <https://orcid.org/0009-0001-9886-037X>, [ainur1984\\_@mail.ru](mailto:ainur1984_@mail.ru)

<sup>2</sup>Astana IT University (55/11, Mangilik El Ave., Astana, 010000, Republic of Kazakhstan)  
Candidate of Historical Sciences, Associate professor  
<https://orcid.org/0000-0001-6431-0719>, [kairat.battalov@gmail.com](mailto:kairat.battalov@gmail.com)

<sup>3</sup>L.N. Gumilyov Eurasian National University (2, Satpaev Str, Astana, 010008, Republic of Kazakhstan)  
PhD student  
<https://orcid.org/0000-0001-9667-6205>, [kopeev95@mail.ru](mailto:kopeev95@mail.ru)

© IHE named after Ch.Ch.Valichanov, 2023

© Kairullina A., Battalov K., Zhumatay S., 2023

**Abstract.** *Introduction.* The important historical processes took place in the first half of the XIX century that determined the fate of the Kazakh people. This article is dedicated to the problems of administrative-territorial changes in Kazakhstan in the 1820s. *Objectives.* The formation and significance of the district and volost management system on the territory of the Middle Zhuz, which was implemented in connection with the adoption of the "Charter on the Siberian Kirghiz" in 1822, is considered. The article elucidates the history of the organization and activities of Bayanaul outer district that used to play a very important role in the political life of Middle Zhuz. *Results.* An analysis of the political events associated with this historical process is made. It is based on collected materials and archival documents. The public and state activities of the first agha sultan of Bayanaul outer district Shon bi Edigeuly is revealed. The mechanisms for appointing district and volost governors, and the relationship of governors with the royal administration are determined. *Conclusions.* Bayanaul outer district as an administrative and political unit existed in 1833-1868. Bayanaul district with 35-year history significantly contributed to the development of the Middle Zhuz region.

**Keywords:** administrative reform, Charter, district, parish, Middle Zhuz, Bayanaul outer district, district order, aga sultan, Governor-General, Shon Edigin.

For citation: Kairullina A., Battalov K., Zhumatay S. Historical conditions and features of Bayanaul outer district's formation // Otan Tarihy. 2023. Vol.26. No1. Pp. 108-119 (Kaz). DOI: 10.51943/2710-3994\_2023\_26\_1\_108-119



## БАЯНАУЫЛ СЫРТҚЫ ОКРУГІ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ ТАРИХИ ШАРТТАРЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Айнур Канатовна Кайруллина<sup>1</sup>, Кайрат Канатович Батталов<sup>2</sup>, Самат Жұматай<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (2-үй, Сатпаев көшесі, 010008 Астана, Қазақстан)  
PhD докторант  
<https://orcid.org/0009-0001-9886-037X>, [ainur1984\\_@mail.ru](mailto:ainur1984_@mail.ru)

<sup>2</sup>Astana IT University (55/11-үй, Мәңгілік Ел даңғылы, 010000 Астана, Қазақстан)  
тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор  
<https://orcid.org/0000-0001-6431-0719>, [kairat.battalov@gmail.com](mailto:kairat.battalov@gmail.com)

<sup>3</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (2-үй, Сатпаев көшесі, 010008 Астана, Қазақстан)  
PhD докторант  
<https://orcid.org/0000-0001-9667-6205>, [kopeev95@mail.ru](mailto:kopeev95@mail.ru)

**Андатпа.** *Kіріспе.* XIX ғасырдың 1-жартысында қазақ халқының тағдырын анықтаған маңызды тарихи үрдістер орын алған. Аталмыш мақалада XIX ғасырдың 20-жылдарында Қазақстан аумағында жүргізілген әкімшілік-территориялық өзгерістер мәселесі зерттеліп сараланған. *Зерттеудің мақсаты мен міндеттері* – 1822 жылғы «Сібір қырғыздары туралы жарғының» қабылдануымен Орта жүз территориясында қалыптасқан жергілікті басқару жүйесінің құрылымы, яғни округтық және болыстық форманың қалыптасуы мен оның маңыздылығы зерделенген. Орта жүздің саяси тарихында елеулі орын алған Баянауыл сыртқы округінің қалыптасу тарихы, оның қызметінің негізгі ерекшеліктері мен тарихи шарттары қарастырылады. *Нәтижелер.* Жарияланған материалдар мен архив құжаттары негізінде аталмыш тарихи үрдіске байланысты саяси және әлеуметтік оқиғаларға сараптама жасалынды. Сонымен қатар Баянауыл сыртқы округінің алғашқы аға сұлтаны Шоң би Едігеұлының қоғамдық және мемлекеттік қызметі зерделенді. Жергілікті биліктің өкілі ретінде аға сұлтанды тағайындау механизмі анықталып, округтық басқарушының патша әкімшілігімен өзара қарым-қатынасы айқындалды. *Қорытынды.* Баянауыл сыртқы округі жеке әкімшілік-саяси құрылым ретінде 1833-1868 жылдар аралағында қалыптасқан еді. 35 жылдық тарихы бар округ Ресей империясының қазақ даласына үстемдік орнату жағдайында аймақтың дамуына өзіндік зор үлесін қосқан.

**Түйін сөздер:** әкімшілік реформа; Жарғы; округ; болыс; Орта жүз; Баянауыл сыртқы округі; округтік приказ; аға сұлтан, генерал-губернаторлық, Шоң Едіге.

**Дәйексөз үшін:** Кайруллина А. К., Батталов К.К., Жұматай С. Баянауыл сыртқы округі қалыптасуының тарихи шарттары мен ерекшеліктері // Отан тарихы. 2023. Т.26. №1. С. 108-119 (Қаз). DOI: 10.51943/2710-3994\_2023\_26\_1\_108-119

## ИСТОРИЧЕСКИЕ УСЛОВИЯ И ОСОБЕННОСТИ ФОРМИРОВАНИЯ БАЯНАУЛЬСКОГО ВНЕШНЕГО ОКРУГА

Айнур Канатовна Кайруллина<sup>1</sup>, Кайрат Канатович Батталов<sup>2</sup>, Самат Жұматай<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева (д. 2, ул. Сатпаева, 010008 Астана, Республика Казахстан)  
PhD докторант  
<https://orcid.org/0009-0001-9886-037X>, [ainur1984\\_@mail.ru](mailto:ainur1984_@mail.ru)

<sup>2</sup>Astana IT University (д. 55/11, проспект Мангилик Ел, 010000 Астана, Республика Казахстан)  
кандидат исторических наук, ассоциированный профессор  
<https://orcid.org/0000-0001-6431-0719>, [kairat.battalov@gmail.com](mailto:kairat.battalov@gmail.com)

<sup>3</sup>Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева (д. 2, ул. Сатпаева, 010008 Астана, Республика Казахстан)  
PhD докторант  
<https://orcid.org/0000-0001-9667-6205>, [kopeev95@mail.ru](mailto:kopeev95@mail.ru)



**Аннотация.** *Введение.* В первой половине XIX века произошли важные исторические процессы, которые определили дальнейшую судьбу казахского народа. В статье исследуются проблемы административно-территориальных изменений на территории Казахстана в 20-е годы XIX века. *Цели и задачи исследования.* Рассматривается формирование, а также значение окружной и волостной системы управления на территории Среднего жуза, которая была реализована в связи с принятием «Устава о сибирских киргизах» в 1822 году. В частности, исследуется история формирования и деятельности Баянаульского внешнего округа, который сыграл очень важную роль в политической жизни Среднего жуза. *Результаты.* На основе собранных материалов и архивных документов дается анализ политическим событиям, которые связаны с исследуемым историческим процессом. Рассматривается общественная и государственная деятельность первого ага султана Баянаульского внешнего округа Шон би Едигеулы. Определены механизмы назначения окружных и волостных управителей, и взаимоотношения управителей с царской администрацией. *Выводы.* Установлено, что в качестве административно-политической единицы Баянаульский внешний округ существовал в 1833-1868 годы. В условиях установления законов Российской империи на территории степи, Баянаульский округ в течение 35 лет внес значительный вклад в развитие Среднего жуза.

**Ключевые слова:** административная реформа; Устав; округ; волость; Средний жуз; Баянаульский внешний округ; окружной приказ; ага султан

**Для цитирования:** Кайруллина А.К., Батталов К.К., Жуматай С. Исторические условия и особенности формирования Баянаульского внешнего округа // Отан тарихы. 2023. Т.26. №1. С. 108-119 (Каз). DOI: 10.51943/2710-3994\_2023\_26\_1\_108-119

## 1. Кіріспе

XIX ғасырдың бірінші жартысында Орта Азия және Қазақстан территориясында патша билігінің саяси ықпалын кеңейтуге байланысты Ресей империясының жүргізген саясатында жаңа кезең басталған. Осыған орай Ресей үкіметінің маңызды міндеті Орталық Қазақстан және Солтүстік-Батыс Қазақстан территорияларын толық интеграциялау мақсатында әкімшілік жүйені жетілдіру болды. Орта Азия территориясына тереңірек кіру үшін аталмыш жерлерде жергілікті ерекшеліктерді ескере отырып, Ресейдің экономикалық саясатын жүргізуге мүмкіндігі бар, аймақтағы саяси жағдайды тұрақтандыра алатын биліктің мығым күшін бекіту керек болды.

Осыған орай, XIX ғасырдың басында қазақ даласында жүргізілген Ресей империясының отарлау саясатының мәнін ұғыну үшін округтық және болыстық басқарушылар институтының қалыптасуы мен қызметін зерделеу өзекті болып табылады.

Мәселен, Қазақ даласын Ресей империясының құрамына қосу үрдісі барысында патша үкіметі қазақ хандығының саяси-басқару жүйесінде әкімшілік-территориялық реформалар жүргізе бастайды. Осындай реформалардың бастамасы 1822 жылғы «Сібір қырғыздары туралы жарғы болды».

Қазақстан территориясында хандық биліктің жойылуына байланысты патша үкіметі әкімшілік басқарудың жаңа формасын, яғни бұрынғы заманнан қалыптасқан дәстүрлі қазақ саяси жүйесінің орнына аймақтық және болыстық жүйені енгізген. Осылайша, Орта жүз территориясында Ақмола, Көкшетау, Қарқаралы, Аягөз, Көкпекті, сонымен қатар Баянауыл сыртқы округтері құрылған.

Аталмыш мақалада 35 жыл бойы Орта жүз аймағының саяси өмірінде маңызды рөл атқарған Баянауыл сыртқы округінің қалыптасуы және оның қызметі тарихы қарастырылған. Мұрағат мәліметтері мен ғалымдардың жазылған еңбектерінің негізінде аталмыш тарихи үрдіспен байланысты оқиғаларға сараптама жасалуда.

Зерттеу жұмысының мақсаты Баянауыл сыртқы округінің қалыптасуы мен қызметінің тарихи шарттары мен ерекшеліктерін зерттеп, сараптама жасау, сонымен қатар аталмыш округтің бірінші аға сұлтаны Шоң Едігеұлының мемлекеттік және қоғамдық қызметін зерделеу.

Жоғарыдағы мақсатты ескере отырып, мақалада келесі міндеттер атқарылады:

- 1822 жылғы «Сібір қырғыздары туралы» Жарғының Баянауыл өңірінде жүзеге асырылуына сараптама жасау;

- жергілікті басқарушылардың отарлы әкімшілікпен күрделі қарым-қатынасын зерделеу.



Мақаланың хронологиялық шеңбері 1822 жылы «Сібір қырғыздары туралы жарғының» енгізілуінен басталып, 1867—1868 жылдары Әкімшілік реформаның қабылдануына байланысты Баянауыл сыртқы округінің жойылуына әкелген уақытты қамтиды. Баянауыл сыртқы округі жеке әкімшілік-саяси құрылым ретінде 1833-1868 жылдар аралағында қалыптасқан еді.

## **2. Материалдар мен әдіс-тәсілдері**

Мақаланың әдіснамалық негізін тарихи-мәдени үрдістерді зерттеуге бағытталған жалпы ғылыми принциптер, яғни тарихи принцип пен объективтілік принципі құрайды.

XIX ғасырдың I-жартысындағы Қазақстандағы әкімшілік-территориялық және қоғамдық-саяси жағдайының негізгі аспектілері мен ерекшеліктерін зерттеу барысында жарияланған деректер мен архив құжаттарын жинау, жүйелеу және салыстыру әдістері қолданылды. Сонымен қатар Баянауыл сыртқы округінің қызметінің динамикасын зерттеу барысында хронологиялық әдіс те қолданылған.

Аталмыш мақаланың деректік негізін архивтік құжаттар мен бұрын жарық көрген материалдар құрайды. Зерттеу барысында Баянауыл сыртқы округінің қызметіне қатысты құжаттармен жұмыс Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивінде 338 (Омское областное правление), 345 (Областное управление сибирскими киргизами), 374 (Пограничное управление сибирскими киргизами) қорлармен жүргізілді. Сонымен қатар тарихи фольклор және орыс интеллигенциясы арасынан қазақ даласын зерттеуші саяхатшылардың жазбалары мен естеліктері сияқты тұлғалардың жеке деректері, сонымен қатар патшалық Ресей кезеңіндегі мемлекеттік мекемелер іс-қағаздарының материалдары, яғни сыртқы округті басқарушы аға сұлтандар мен ресейлік интеллигенция өкілдері арасындағы хат-хабар жазысу материалдары қолданылған.

## **3. Талқылау**

Тарихи ғылымда қазақ даласының округтық-болыстық басқару институты жүйелі түрде зерттелуде. Алғашқы зерттеулер XIX ғасырдың II-жартысында пайда болған. Дегенмен, өзіндік тарихи ерекшелігі бар Баянауыл сыртқы округінің қалыптасуы туралы зерттеулер азшылық. Аталмыш ғылыми мақаланы жазу барысында негізгі тарихнамалық дерек болып орыс және қазақ ғалымдарының түрлі сипаттағы еңбектері болып келеді. Аталған еңбектердің жарыққа шығу мерзімдері XIX ғасырдан бастап бүгінгі күнге дейінгі кезеңді қамтитынын айта кеткен жөн. Сондықтан да олардың арасында революцияға дейінгі кезеңнің зерттеулері, кеңестік заман кезінде жазылған еңбектер және тәуелсіз Қазақстанның ғалымдары жарыққа шығарған зерттеулер бар.

Революцияға дейінгі зерттеулердің қатарына қазақ даласын зерттеуші орыс және шетел интеллигенциясы арасынан шыққан авторлар, оның ішінде поляк жазушысы Адольф Янушкевич, генерал-майор С.Б. Броневский мен А.К. Гейнстің жазбалары, орыс этнографы Г. Потанин мен қазақ ғалымы Шоқан Уәлихановтың еңбектері жатқызамыз. Мысалға, А.К. Гейнстің жұмысына ерекше назар аударсақ, орыс зерттеушісі Батыс-Сібір генерал-губернаторлығының құрамындағы округтік жүйеге бақылау жасап, рулар өз территориялық аймағынан шықпайтындығын атап өткен еді. Орыс этнографиялық комиссиясының басшысы ретінде Баянауыл округіне келген Александр Гейнс қазақ халқының тарихи мұрасын сақтауға ат салысып кеткен.

Сонымен қатар революцияға дейінгі тарихнаманың бір бөлігі Сібір қазақтары аймағындағы Баянауыл сыртқы округінің аға сұлтаны, ірі қоғам қайраткері Мұса Шормановтың есімімен байланыстырамыз. Мұса мырзаның қазақтардың дәстүрлі мәдениеті мен тұрмысы жайлы этнографиялық мәліметтерді жүйелеу мен жинаудағы рөлі зор. XIX ғасырдың өзінде М. Шормановтың «О киргизах Павлодарского уезда» (1866 жыл), «Обычаи и традиции киргизов» (1871 жыл), «Хозяйство киргизов Западной Сибири» (1833 жыл) және 1906 жылы жарияланған «Записки о киргизах Павлодарского уезда» атты еңбектеріне Григорий Потанин, Николай Ядринцев, Николай Костылецкий, Александр Гейнс қызығушылық танытқан.

Баянауыл сыртқы округінің қызметі жайлы маңызды деректер Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының жазбаларынан да табуға болады. М. Көпеев «Қазақ шежіресі» атты еңбегінде аға сұлтандардың шығу тегі жайлы баяндаған. Мұса Шорманов жайлы ең құнды ақпарат Ж.Копеевтің: «Мұса мырзаны жоқтау», «Мұса» еңбектерінде жиналған.





Кеңес дәуірі кезеңінде қазақ даласы территориясында болыстық басқарма институтын қалыптастыру мәселесін зерттеген алғашқылардың бірі С.З. Зиманов болған. Ол болыстық жүйені 1822 жылғы реформа негізінде зерттеп, Орта жүз қазақтары руларының қысқы жайылым аймақтарында әкімшілік құрылыстың пайда болуы, яғни болыстардың қалыптасу мәселесіне көңіл бөлген.

Е.Б. Бекмахановтың «Казахстан в 20-40-е годы XIX» атты еңбегінде XIX ғасырда қазақ қоғамында жүзеге асырылып жатқан реформалар қазақ даласында ғасырлар бойы қалыптасқан тәртіпті өзгерткенін айқындап кетіп, дайындық кезеңінің жұмыстары мен территориялық бөліністі, саяси-әлеуметтік жағдайды сипаттап кеткен.

Қазақстан ғалымдары арасында тарих ғылымдарының кандидаты Б.М. Абдрахманованың «История Казахстана: власть, система управления, территориальное устройство в XIX веке» атты монографиясында Ресей заңнамаларының мазмұны ашылып, XIX ғасырда қазақ даласында қалыптасқан жергілікті басқару органдарының құрылымы зерттеледі.

#### **4. Зерттеу нәтижелері**

Патша I Александрдың жарлығымен 1821 жылдың 28 шілдесінде граф М.М. Сперанскийдің ұсыныстарын қарастыру үшін Сібір аймағын басқаруды ұйымдастыру бойынша арнайы Сібір комитеті құрылды. Комитеттің отырыстарына граф Кочубей, граф Гурьев, Аракчеев, Голицын, барон Кампенгаузен и граф М.М. Сперанский қатысып, «Сібір қазақтарын басқару» жобасын талқылады. Комитет мүшелері Сібір өңірінің Ресей үшін экономикалық маңыздылығын түсіне отырып, өлкеде жаңа мемлекеттік басқаруды енгізу керек екендігін шешкен.

Аталмыш комитет қызметінің нәтижесінде 1822 жылы «Сібір қырғыздары туралы жарғы» қабылданады. Заңнаманың негізгі міндеті Орта жүз жерлерінің бастапқы территориялық аймағын бекітіп, құрылымдылық-әкімшілік аппарат құру болды (Абдрахманова, 1998:125).

1822 жылғы реформаға сәйкес Сібір территориясы әкімшілік орталықтары Тобыл және Иркутск қалалары болып бекітілген екі генерал-губернаторлыққа, яғни Батыс Сібір және Шығыс Сібір болып бөлінеді. Бас басқармасы Тобылда орналасқан Батыс Сібірдің құрамына Омбы облысының қарамағындағы Орта жүз қазақтары да кірген еді.

Сібір қазақтары туралы қабылданған жарғы осы Орта жүз өкілдерінің әкімшілік құрылымын, құқықтары мен міндеттерін анықтаған. «Сібір қырғыздары туралы жарғы» 319 бапты қамтып, 10 тараудан тұрған.

Аталмыш жарғының бірінші тарауында әкімшілік бөлініс мәселесі қарастырылған еді. Жарғыға сәйкес Орта жүзде хандық билік жойылып, округтық, болыстық және ауыл басқармасынан тұрған үш сатылы әкімшілік басқару жүйесі енгізілді. Ең ірі әкімшілік-территориялық бірлік сыртқы округ болып танылған. Жаңа жүйе бойынша округтер 12-15 болыстардан, болыстар 50-70 киіз үйді біріктіретін 10-12 ауылдан тұрған еді (параграф 5, 6, 7). Жарғыда *«Каждый округ имеет определенные подлежащим разграничением земли, и жители другого округа не переходят на оные без точного позволения местного начальства»* деп жазылып, округтердің территориялық белгісі айқындалып кеткен [ПСЗ РИ, 1830: 417-433].

Қазақтар ірі және кіші көшпелі қоғамдарға бөлінгені белгілі. Сондықтан да округтерді қалыптастыру кезінде билік өкілдері нақты территориялық шекаралары бар қыстауларды негізге ала отырып, ру бойынша қоныстануды қарастырған. *«Округи, преимущественно состояются, - определяет принцип образования административных единиц, из тех волостей, кои считаются в одном роде или поколении, обвыкли уже быть совокупно, и из волостей им соседственных»* (Масевич, 1960:93-109). Жоғарыда айтылғандай, Орта жүздің қазақ жерлерін округ, болыс, ауылдарға бөлу барысында қазақ қоғамының дәстүрлі құрылымы ескерілген.

Жарғының екінші бөлімінде Орта жүз қазақтарын басқару мәселесі қарастырылған. Қабылданған жарғыға сәйкес аға сұлтан басқарған арнайы басқару органы - округтық приказ деп аталған. Округтік приказдың өзінің арнайы канцеляриясы мен аудармашылары (параграф 21), полиция қызметі мен сот билігі (параграф 2) болған еді. Барлық округтық приказдар Омбы облыстық басқармасына тәуелді болды. Округтық приказдың ең ірі әкімшілік-территориялық лауазымы - аға сұлтан. Аға сұлтандардың құзыреттіліктері земство шенеуніктерінің құзыреттіліктерімен теңбе-тең болған. Округтық приказдардың құрамына орыс шенеуніктерінің құрамынан Омбы облыстық басқармасымен бекітілген екі мәслихатшы



(заседатель) және билердің таңдауымен белгілі қазақтардың арасынан екі мәслихатшы кірген (параграф 20). Аталмыш мәслихатшылар 2 жылға, ал аға сұлтан болса 3 жылға қызметіне тағайындалған (параграф 26). Мемлекеттік қызметтегі жұмыс барысында аға сұлтан майор шенін иеленіп, үш жылдық адал қызметінен кейін Ресей империясының дворян табына жататын дипломын алуға құқылы болды. Болыстарды сұлтандар басқарып, 12-классты шенеунік дәрежесін иеленген. Ал приказдағы орыс және қазақ мәслихатшылары 9-классты шенеунік дәрежесін алған еді [ПСЗ РИ, 1830: 417-433].

Жарғының үшінші бөлімінде округтық приказдағы лауазымды тұлғалардың міндеттері айқындалса, төртінші бөлімде шаруашылық және сауда мәселелері қарастырылған, ал орта жүз қазақтарының құқықтары мен міндеттері тоғызыншы бөлімде бекітіліп кеткен.

Аталмыш округтық приказдардың қызметін басқару мақсатында 1824 жылы 11 сәуірде арнайы «Ережелер» қабылданған. Бұл ретте аталмыш ережелер заңға бағынуды үйренбеген халықты басқару үшін құрылған еді. Сондықтан да қазақтарға заңның мазмұнын түсіндіру біртіндеп өте сақтықпен жүргізілді.

Демек, «Сібір қырғыздары туралы жарғы» қабылдануының негізінде Қазақстанның Орта жүз аймағында хандық билік жойылып, патша үкіметі әкімшілік басқарудың жаңа формасын, яғни бұрынғы заманнан қалыптасқан дәстүрлі саяси жүйенің орнына аймақтық және болыстық жүйені енгізген. М.М. Сперанский қазақ қоғамының экономикалық, әлеуметтік және саяси жағдайын зерттеп, тек қана ресей үкіметінің отарлау саясатын тиімді жүзеге асырылуын қамтамасыз етілуін ғана емес, сонымен қатар қазақтардың қоғамдық құрылымының дәстүрлі формасына сай басқару жүйесін енгізгенін айта кеткен жөн.

Осылайша, 1824 жылдың сәуір айында Орта жүз территориясында жаңа әкімшілік бірліктерді ұйымдастыру басталып, бірінші Қарқаралы және Көкшетау округтері, кейін 1831 жылы Аягөз, 1832 жылы Ақмола, 1833 жылы Баянауыл және Үш-Бұлақ, 1834 жылы Құшмұрын және 1844 жылы Көкпекті сыртқы округтері құрылған еді (Валиханов, 1984:310).

1824 жылдың 8-сәуірінде құрамына Бөкей ханның басқаруында болған қазақ ауылдары кірген, Кент және Қарқаралы мекенінде орналасқан Қарқаралы сыртқы округінің құрылуына баянауыл қазақтары қарсылық білдіргені мәлім. Тіпті, алғашқы кезеңде Баянауыл сыртқы округінің ашылуы патша билігімен көзделмеген, яғни Баянауыл территориясы Төртуыл болысының құрамымен Қарқаралы сыртқы округінің құрамына кіруге тиіс еді.

Баянауыл аймағының қазақтары беділді би Шоң Едігеұлының басқаруымен Қарқаралы округінің құрамына еруге өз наразылығын білдіреді. Ал бірігуге кедергі болған негізгі себеп – ол рулар арасындағы негізгі алауыздықтың болуы. Баянауыл қазақтарының Қарқаралы округінің тәуелділігіне өтуіне наразылығын растайтын тарихи құжатта:

*«При учреждении Каркаралинского округа принято было в освоение, что волость Тортуульская, происходя от главного рода Каракисекского, из коего оный округ составлен, должна присоединиться под управление одного приказа. Но впоследствии найдено, что частные отношения султанов Букеевских с родоначальниками упомянутой волости и существовавшие издавна несогласия между их киргизами, предлагают к тому сильную преграду, которой предусмотреть, или, по крайней мере, почти таковой сначала было не можно. Известный бий Шон Едигин управляя Тортуульскою волостью с большею властью и доверенностью, нежели какие-либо султаны, поставил себя в такое положение, что никогда не решится добровольно вступить под зависимость оных султанов, коих преимущества в управлении, определенные Уставом о киргизах, по-видимому, оскорбляют его права на принадлежность оной волости.....*

*Между тем, как объяснились уже причины, по коим тортуульцы устраняют себя от вступления под зависимость Каркаралинского приказа, дошли сведения, что бий Шон соглашается на учреждение в волости, им управляемой, особого округа, выжидая только на сие по свойственной гордости азиатца приглашения со стороны здешнего начальства»,*

*...Польза открытия округа при Баян-Ауле такова, что киргизы, на пространстве между двумя внешними округами здешнею линиею кочующие, со вступлением в веление сего нового округа прекратят уже те беспорядки и грабежи, какие от них претерпевали до сего соседственные волости, состоящие под управлением Каркаралинского и Кокчетавского приказов: учредятся сообщения от одного приказа до другого; составиться связь в управлении*



между тремя округами, и, наконец, все сие совокупно послужит к прочному восстановлению в степени порядка...», - деп жазылған (ҚР ОМА. 345-қ. 1-т. 720-іс. 4-п.).

Осылайша, беделді би Шоң Едігенің басқаруымен баянауыл қазақтары Қарқаралы сыртқы округінің құрамына енуден бас тартып, генерал-губернаторға жаңа сыртқы округ – Баянауыл округін ұйымдастыруды ұсынады. Шоң биге губернатордан әртүрлі ұсыныстар жасалған еді. Генерал-губернатордан түскен осындай хаттардың бірінде төртуыл одағының құрылымы жөнінде мағлұмат беріледі. 1825 жылдың 28 қарашасында жазған жолдауында Шоң би: «1816 жылы Бөкейдің хандық билігіне қарсы күрес барысында біз төртуыл одағын ұйымдастырдық. Оның негізін Сүйіндіктің төрт ұлы - Құлболды, Жанболды, Орманшы, Қаржастың ұрпақтары құрған. Бүгінде бұл одаққа Басентиін, Буранайман, Қанжығалы, Қарпық, Тама сияқты он үш ру мен осы рудың билері кірген. Аталмыш одаққа кірген билер бірауыздан мені одақтың басты биі ретінде сайлаған. Абылай ханның ұрпағы Бөкейдің ауылы маған қарасты 43000 мың ауылдың жартысына да жетпейді», - делінген (ҚР ОМА. 338-қ. 1-т. 690-іс. 2-3-п.).

1826 жылдың 14 ақпанында Шоң Едіге Қарқаралы округі отрядының басшысы жүздік Карбышевке «біздің халқымыздың тыныштығы мен бейбітшілігі үшін Баянауыл тауының жанынан сыртқы округтің ашылуына келісемін. Мейірімді тақсырдың құзырында болып, барлық заңдарын орындауға міндеттенемін» деген жариялымды береді (ҚР ОМА, 338-қ. 1-т. 408-іс. 16-п.). Бимен бір уақытта төртуыл одағының қазақтары Баянауыл сыртқы округінің құрамына өтуге келісімін беріп, Шоң Едігені би ретінде таңдағаны жайлы қол хатқа қол қояды. Бұл оқиғаны сипаттаушы тарихи құжатта: «1826 года февраля 15 дня Туртугульской волости Биш и почетные киргизы дали свою подписку Каркаралинского приказа Начальнику военного отряда Сотнику Карбышеву въ томъ, что въ силу данной подписки сего года февраля 14 дня Управления нашей волостью Бию Чона Идигина Ему Господину Карбышеву и мы со своей стороны добровольному нашему согласию изъявили желание быть подъ покровительствомъ всемилостивейшего великого государя и подъ управление предполагаемого открытия при Баянъ ауле окружного Дивана, а вместо старшего султана во оной диванъ вышеподписанного Бия Чона Идигина, во уверение чего и прилагаемы свои тамги» (ҚР ОМА. 338-қ. 1-т. 408-іс. 18-19-п.).

Дегенмен, 1826 жылы округтың ашылуы жүзеге аспай қалды, тек 1833 жылдың 9-наурызында Сібір комитетінің ережесімен Омбы облысының территориясында екі округ – Баянауыл және Үш-Бұлақ округтерін құру туралы ресми ереже бекітілді.

1830 жылдың көктемінде ант қабылдау үшін аймаққа подполковник Леденев келеді, ол өз жұмысының нәтижесінің есебінде: «Шоң, Шорман билердің басшылығымен төртуыл халқының келісімін алып, ресей үкіметіне Әл-Қоран алдында адал қызмет етеміз деген ант берілді. Антты 1500 үйден тұрған Шонның 15000 ауылы, Шорманның 2000 үйді қамтыған 125 ауылы, 4300 үйі бар Қазанғаптың 430 ауылы және сонымен қатар 21700 үйді қамтыған 2095 ауыл берген» (Исабаев, 2002:7).

Осылайша, Баянауыл сыртқы округінің ресми ашылуы 1833 жылдың 22-тамызында болды. Округті ашу салтанаты подполковник Камаевқа жүктелген. Округ орталығы (приказ) 45 үйден тұрған Баян-Ауыл станицасында орналасты. Станица Сабынды көлінің жағалауында Ертіс әскери шебіндегі Коряков форпостынан 180 шақырым жерде орналасқан болатын. 1833 жылы Баянауыл сыртқы округінің құрамына 12 болыс, 791 ауыл, 18132 киіз үй кіріп, 65457 халық, оның ішінде ер адамдар 28053, ал әйелдер 37404 тұратын (Бекмаханов, 1992:125). Округтің құрамына енген болыстар:

1. Бәсентиін
2. Бәйімбет Бәсентиін
3. Әйтей Бәсентиін
4. Ақтлес Күшік Бәсентиін
5. Бозғозы Буранайман
6. Жәуетей Буранайман
7. Күлеке Қаржас
8. Күлік
9. Сатылған Алтынтөре
10. Айдабол



11. Жанғозы Айдабол
12. Ақбура Тұлпар
13. Орманшы
14. Қозған (ҚР ОМА. 345-қ. 2-т. 89-іс. 1-198-п.).

Округтің құрамына кіретін болыстар рулық-қатынастық принцип бойынша қалыптасты және олар шағын рулар мен олардың тармақтарының есімдерімен аталды.

Кесте 1. 1841 жылғы мәліметтер бойынша Баянауыл сыртқы округі территориясында арғындар мен наймандардың қоныстануы  
[Table 1. The settlement of Argyns and Naymans in the territory of the outer district of Bayanaul according to the data of 1841]

Болыс атауы	Көші-қон жерлері	
	Жазғы	Қысқы
Ақбура – Тұлпар, Орманшы болысы	Дуаннан 45-70 шақырым Қызылтау таулары, Үшбұлақ, Сарышоқы, Базаркөл қоныстары	Ашысудағы Аққұдық, Бесшоқы, Шақпақ қоныстарынан Итемген, Мамай көлдеріне дейін
Құлықе Қаржас болысы	Дуаннан 12 шақырым Жасыбай тауы маңында	Дуаннан батысқа қарай Бораншоқы мен Саумалкөлде
Сатылған Алтынтора болысы	Дуаннан 20 шақырым Орманшы мен Балуан төбе аймақтары	Алакөл, Кіші Шорабай қоныстарының солтүстік батысы арқылы Аталық -Қума мен Шоқыманға дейін
Жанқозы Айдабол болысы	Дуаннан 65 шақырым Қарашат қонысы	Солтүстік-батысында Сатылған Алтынторы болысымен бірге Ашы-су өзені бойымен Аталық Қума мен Шоқыманға дейін
Күлік болысы	Дуаннан 55 шақырым Сандықтас, Қызылтау қоныстары	Солтүстік-батысында Аққозы, Жабай, Шақшан қоныстарынан Қарабатыр мен Мезгілге дейін
Қозған болысы	Дуаннан 9 шақырым Желісай қонысы	Солтүстік-батысында Ашу-се
Бәсентиін болысы	Ертіс өзенінен төмен қарай Балты аралы, дуаннан 190 шақырым	Оңтүстік-батысында Қызылашы Есентұрған қонысы мен Қасымкөлден Өленті өзеніне дейін
Байымбет Бәсентиін болысы	Ертістің сол жағалауы, Ямышево бекінісінен Подстепной редутына дейін	Батыста Қалқаман, Алтыбай және Қызылсор қоныстары
Әжібай Қанжығалы болысы	Дуаннан 70 шақырым Шақшан, Бесшоқы, Жуантөбе, Аққозы қоныстары	Батыста Жайылма көліне дейін Қайдауыл, Қара-сор Көкөзек қоныстары
Жауетай Буранайман болысы	Дуаннан 136 шақырым Мерген-сор қонысы	Солтүстікке қарай Түндік, Бестау, Алтыбай, Қызыл-сор қоныстарына
Бозғозы Буранайман болысы	Ертістің сол жағалауы Чернорек редуты мен форпосты арасында	Батысқа қарай Беке сор және Ұралы сор қоныстарынан Аққұм және Жайылма аймақтарына дейін, дуаннан 225 шақырым.

Көбінесе округ тұрғындары арғын, найман, уақ руларынан болған. Баянауыл сыртқы округінің жерлерінде найман тайпасының екі болысы көшіп-қонып жүрген. Бозғозы-Буранайман болысы 491 киіз үйлі, бұл 3427 адам 8 ауылдан және Жәуетей-Буранайман болысы, яғни 815 киіз үйлі, бұл 5714 адам 11 ауылдан тұрды. Ал Арғын тайпасының өкілдері



6955 шаңырақ құрған (Муканов, 1974:103). 1841 жылғы мәліметтер бойынша Баянауыл сыртқы округі территориясында арғындар мен наймандардың қоныстануы [Кесте 1].

Кесте 2. 1854 жылғы Баянауыл сыртқы округі бойынша қазақ халқы санағы  
(ҚР ОМА. 345-қ. 2-т. 89-іс. 1-198-п.)

[Table 2. The Kazakh population of Bayanaul outer district according to the data of 1854 (CSA RK. F.345. In.2. C.89. P.1-198.)]

Болыс атауы	Ауылдар саны	Үйлер саны	Ерлер	Әйелдер	Болыс басқарушысы
Сатылған Алтын Тора болысы	6	511	739	575	Болыс басқарушысы – би Үкібай Найзабеков
Құлықе Қаржас болысы	7	632	994	793	Болыс басқарушысы – Мұса Шорманов
Айдабол болысы	6	599	1132	846	Болыс басқарушысы – Байтақ Жұмағұлов
Жанқозы Айдабол болысы	7	814	1224	1080	Болыс басқарушысы – Секербай Малгелдин
Ақбура Тұлпар, Көксал болысы	6	594	944	733	Болыс басқарушысы – би Алдоңғар Қарқынбаев
Күлік болысы	9	859	1344	1119	Болыс басқарушысы – Кенже Байбурын
Қозған болысы	8	1015	1589	1241	Болыс басқарушысы – Сандагур Сугарашин.
Орманшы болысы	7	691	1144	858	Болыс басқарушысы – Ноғай Мамонов.
Әжібай Қанжығалы болысы	9	931	1619	1395	Болыс басқарушысы – Жондыбай Алтыбасаров
Жәуетей Буранайман болысы	7	931	1562	1251	Болыс басқарушысы – Кошмек Булатов
Бозғозы Буранайман болысы	7	619	1053	870	Болыс басқарушысы – сұлтан Мұхамеджан Әмін
Байымбет Бәсентиін болысы	8	799	1284	1149	Болыс басқарушысы – Ақжан Жұмағұлов
Ақтлес Күшік Бәсентиін болысы	10	912	1673	1386	Болыс басқарушысы – Джурун Юсунбаев
Бәсентиін болысы	12	1364	2357	1927	Болыс басқарушысы – Момынбек Қазанғапов
Әйтей Бәсентиін болысы	8	108	2084	1673	Болыс басқарушысы – Тебен Сенсенбин

Кесте 3. 1854-1857 жылдар аралығындағы Баянауыл сыртқы округі қырғыздарының мал саны (ҚР ОМА, 345-қ. 2-т., 90-іс. 1-200-п.)

[Table 3. Livestock number of Bayanaul outer district in 1854-1857 years (CSA RK, F.345. In.2. C.90. P.1-200.)]

Болыс атауы	Жылқы саны	Қара мал саны	Қойлар саны	Арнайы ескертпелер
Сатылған Алтын Тора болысы	3140	1013	7279	Жазба 1854 жылы 07 маусымда жасалған. Мал саны әділ және жасырмай саналғаны болыс басшысы Үкібай Найғабековтың мөрімен расталған.
Құлықе Қаржас болысы	8138	1192	15283	Жазба 1854 жылы 12 маусымда жасалған. Мал саны әділ және жасырмай саналғаны болыс басшысы Мұса



				Шормановтың мөрімен расталған.
Айдабол болысы	6450	1630	15863	Жазба 1854 жылы 14 маусымда жасалған. Мал саны әділ және жасырмай саналғаны болыс басшысы Байтан Дечумагуловтың мөрімен расталған.
Жанқозы Айдабол болысы	8486	2234	22061	Жазба 1854 жылы 24 маусымда жасалған. Мал саны әділ және жасырмай саналғаны болыс басшысы Сапарбай Малгелдин мөрімен расталған.
Ақбура Тұлпар, Көксал болысы	2473	1984	15771	Жазба 1854 жылы 18 маусымда жасалған. Мал саны әділ және жасырмай саналғаны болыс басшысы Алдоңғар Қарқынбаев мөрімен расталған.
Күлік болысы	6613	2092	28890	Жазба 1854 жылы 04 шілдеде жасалған. Мал саны әділ және жасырмай саналғаны болыс басшысы Кенже Байбуриннің мөрімен расталған.
Қозған боласы	5003	2731	21526	Жазба 1854 жылы 12 маусымда жасалған. Мал саны әділ және жасырмай саналғаны болыс басшысы Сугаралиннің мөрімен расталған.
Орманшы болысы	4874	2340	20134	Мал саны әділ және жасырмай саналғаны болыс басшысы Ноғай Маманов мөрімен расталған.

Негізінен, Баянауыл сыртқы округінің территориясы далалы аймақ болды, бірақ оңтүстік-батыс бөлігінде қылқан жапырақты орман мен тұщы сулы көлдер алып жатқан. Округ халқы дәстүрлі көшпелі мал шаруашылығымен, оның ішінде қой, жылқы, ірі қара мал, ешкі және түйе өсірумен айналысты [Кесте 3].

Округ ашылғаннан кейін тек екі айдан соң, яғни 1833 жылдың 1-қарашасында Баянауыл сыртқы округінің бірінші аға сұлтаны Шоң Едігеұлын, ал оның орынбасары ретінде Шорман Күшікұлын тағайындау туралы бұйрық келеді. Осы аға сұлтандық қызмет үшін күреске Сұлтанбеттің ұрпағы сұлтан Бопы Тәтенов пен Шоң Едіге қатысып, дала ақсүйектері сәтсіздікке ұшырап, Шоң би бірінші аға сұлтан болып тағайындалған. Округтың ашылуына жауапты подполковник Камаев Броневскийге жазған рапортында округ уақытында ашылды, бірақ аға сұлтанды сайлау кезінде қазақ халқының екі топқа бөлініп, Төртұлы, Қозған, Қақсал Шоң би жағына шықса, Бәсентиін, Қанжығалы, Буранайман болыстары Бопы Тәтеновты қолдады деп жазады (ҚР ОМА. 338-қ. 1-т. 162-іс. 165-п.).

«Сібір қырғыздарының жарғысына» сәйкес аға сұлтан қызметіне тек қана төре тұқымының өкілдері тағайындалуы қажет, бірақ Баянауыл округінде Жарғыға қарамастан аға сұлтан қара сүйек өкілі Шоң би Едігеұлы болды. Поляк жазушысы Адольф Янушкевич «Дневники и письма из путешествия по казахским степям» атты еңбегінде: «Шоң шыңғыс ұрпағының өкілі болмағанымен, қазақ даласында ірі тұлға еді. Оның іскерлігі, ақылдығы мен әділдігіне тіпті хандар да қызғанышпен қараған», - дейді (Янушкевич, 2006:244). Осылайша, қазақ даласында биліктегі төрелер привилегиясы заңы бұзылды.

Баянауыл сыртқы округін қалыптастыру үрдісі Шоң би мен оның қазақ даласындағы үлкен беделінің арқасында жүзеге асырылғанын айта кеткен жөн. С.Б. Броневский өзінің «Записки о киргиз-кайсаках Средней орды» атты жазуларында «в должность старшего султана введен бий Шон Едигин, престарелый, но умный и благонамеренный, народом Туртугульских волостей любимый и имеющий влияние на оны более, нежели полагать можно было» деген (Броневский, 2005:135). Шоң басқаларға қарағанда өз халқының қажеттіліктері мен мұңын



жақсы білген. Қазақ халқының болашағын орыстармен жақындасудан көрген. Би көреген адам болып, қазақтарды отырықшы өмір салтына көшіруді орынды екендігін түсініп, Орта жүз даласында орталықтар құрылысының қажеттілігін де ұғынған. Ол отырықшы өмір салтын жүргізбей, жер өңдеумен айналысу, қолөнердің әртүрлі бағыттарын дамыту, сонымен қатар тіпті білім алу мүмкін емес екендігін түсініп, орыс үкіметімен бірлесе отырып, Баянауыл приказын қалыптастыруға көшкен.

Баянауыл сыртқы округінің құрылуы Шоң бидің ерең еңбегі мен батыл саясатының арқасында жүзеге асқан тарихи оқиға болатын деп Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы да жазған. Мәшһүр Жүсіп: «Шоңды Құдай елі үшін жаратқан, Шоң би аға сұлтандыққа сайланып, сонан бері қарай қазақ жұрты асын тыныштықпен ішіп, жесір қатын, жетім бала болсын малына ие болды» - деп, қазақтан шыққан бірінші аға сұлтанның жеке басына жоғары баға беріп, қазақтың басына туған әділ би ретінде сипаттайды.

1868 жылғы отаршылдық әкімшілік реформа бойынша Баянауыл сыртқы округі жойылып, оның территориясы Павлодар уезінің құрамына кірді.

### 5. Қорытынды

35 жылдық тарихы бар Баянауыл сыртқы округі Ресей империясының қазақ даласына үстемдік орнату жағдайында аймақтың дамуына өзіндік зор үлесін қосқан. XIX ғасырда саяси оқиғалардың орталығы болып келген, Орта жүздің асыл жерлерінің бірі, ұлы тұлғалардың мекені болып саналатын Баянауыл аймағы әлі терең зерттеуді қажет етеді.

Баянауыл сыртқы округінің қалыптасуы мен қызметінің тарихы Шоң Едіге, Шорман, Қазанғал, Мұса Шорманов сияқты ұлы тұлғалардың есімімен тығыз байланысты екен белгілі. Аталмыш тұлғалар қазақтар өз жерлерін өздері басқара алатындығын дәлелдеп, патша жарлығының ережесін өзгерткен. Баянауыл халқы мен Шоң бидің күресінің нәтижесінде төрелер ғана билік жасайтын ежелгі дала заңы бұзылып, аталмыш аймақты қарапайым халық өкілі басқара бастаған. Ресей империясының құрамына кіру жағдайында Шоң Едігеұлы мен Мұса Шормановтың белсенді қоғамдық-саяси қызметі мен жанқиярлық еңбегінің арқасында аймақ әрі қарай дамып, оң нәтижелер көрсетілді. Осылайша, Баянауыл сыртқы округі Сібір қырғыздары аймағының құрамына кірген өзіндік тарихи шарттары мен ерекшеліктерін үйлестіріп қалыптасқан қазақ даласындағы маңызды әкімшілік-территориялық бірлік болып саналады.

Нәтижесінде аталмыш мақала XIX ғасырда Орта жүз даласындағы әкімшілік-құрылымдық жүйе, әлеуметтік стратификация, округтық және болыстық басқарушыларды сайлау мәселелері жөнінде біздің түсінігімізді кеңейтеді.

### Дереккөздер

ҚР ОМА — Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві.

### Sources

CSA RK — Central State Archive of the Republic of Kazakhstan.

### Әдебиеттер тізімі

Абдрахманова, 2018 - *Абдрахманова Б.М.* История Казахстана: власть, система управления, территориальное устройство в XIX веке. Астана: 1998. С.137.

Бекмаханов, 1992 - *Бекмаханов Е.Б.* Казахстан в 20-40 годы XIX века. Алматы: 1992. С.125.

Броневский, 2005 - *Броневский С.Б.* О казахах Средней Орды. Павлодар: ТОО «ЭКО», 2005. С.168.

Валиханов, 1984 - *Валиханов Ч.Ч.* Собрание сочинений в 5 томах. Алма-Ата: Гылым, 1984. Т.2. С.416.

Гейнс, 1897 - *Гейнс А.К.* Собрание литературных трудов в 2-х томах. СПб.: 1897-1898. [Электронный ресурс]. - Режим доступа: [https://rusneb.ru/catalog/000199\\_000009\\_004485653/](https://rusneb.ru/catalog/000199_000009_004485653/)

Жаксыбаев, 1990 - *Жаксыбаев С.* Муса Шорманов - царский полковник // *Индустриальная Караганда*. 1990. 18 ноября. С.18.

Инсебаев, 2005 - *Инсебаев Т.* Павлодар уезі қазақтарының шежіресі. Павлодар: 2005. 214 б.

Исабаев, 2002 - *Исабаев К.* Жерімізді қорғаған, елімізді есейткен батыр Шоң би // *Сарыарқа самалы*, 2002. 20 қыркүйек. 7 б.

Косанбаев, 2005 - *Косанбаев С.К.* История становления и развития Казахстана в XVIII - XX века. Алматы: 2005. С.38.

Көпеев, 1990 - *Көпеев М.* Мұса Шорманов. Жоқтау-причитание // *Боздағым*. (Қазақтың жоқтау жырлары). Алматы: Жазушы, 1990. 90 б.



- Көпейұлы, 1993 - Көпейұлы М.Ж. Қазақ шежіресі. Алматы: 1993. 76 б.
- Масевич, 1960 - Масевич М.Г. Материалы по истории политического строя Казахстана. Алма-ата: 1960. Т.1. С.441.
- Муканов, 1974 - Муканов М.С. Этнический состав и расселение казахов Среднего жуза. Алма-Ата: Наука КазССР, 1974. С. 200.
- ПСЗРИ, 1830 - Полное собрание законов Российской империи. Спб.: 1830. Т. 38. С.417-433. [Электронный ресурс]. Режим доступа: [https://nlr.ru/e-res/law\\_r/content.html](https://nlr.ru/e-res/law_r/content.html)
- Румянцев, 1910 - Румянцев П.П. Киргизский народ в прошлом и настоящем. Спб.: 1910. С. 54.
- Щербина, 1905 - Щербина Ф. А. Киргизская народность в местах крестьянских переселений. СПб.: 1905. С. 44-45.
- Янушкевич, 2006 - Янушкевич А. Дневники и письма из путешествия по казахским степям. Павлодар: ТОО «ЭКО», 2006. С. 390.

### References

- Abdrakhmanova, 1998 - Abdrakhmanova B.M. Istoriya Kazahstana: vlast, Sistema upravleniya, territorialnoe ustroystvo v XIX veke [History of Kazakhstan: power, system of government, territorial structure]. Astana: 1998. 137 p. (In Rus.)
- Bekmahanov, 1992 - Bekmahanov E.B. Kazahstan v 20-40 gody XIX veka [Kazakhstan in the 20-40s of the XIX century]. Almaty: 1992. 125 p. (In Rus.)
- Bronevskii, 2005 - Bronevskii S.B. O kazahah Srednei Ordy [About the Kazakhs of the middle horde]. Pavlodar: EKO, 2005. 168 p. (In Rus.)
- Valikhanov, 1985 - Valikhanov Ch.Ch. Sbranie sochineniy. [Collected works in 5 volumes]. Alma-Ata: Gylum, 1985. Vol. 2. 416 p. (In Rus.)
- Geins, 1897 - Geins A.K. Sbranie literaturnix trudov [Collection of literary works in 2 volumes]. SPb.: 1897. Retrieved from [https://rusneb.ru/catalog/000199\\_000009\\_004485653/](https://rusneb.ru/catalog/000199_000009_004485653/) (In Rus.)
- Insebaev, 2005 - Insebaev T. Pavlodar uezi kazaktarinin sheziresy [Genealogy of the Kazakhs of Pavlodar district]. Pavlodar: 2005. 214 p. (In Kaz.)
- Isabaev, 2022 - Isabaev K. Shon Bi batyr [Shon Bi is a hero who protected our land and raised our country]. *Saryarqa samaly*. 2022. September, 20. 7 p. (In Kaz.)
- Kosanbaev, 2005 - Kosanbaev C.K. Istoria stanovleniya i razvitiya Kazahstata [The history of the formation and development of Kazakhstan in the XVIII - XX centuries]. Almaty: 2005. 38 p. (In Rus.)
- Kopeev, 1990 - Kopeev M. Musa Shormanov. Zhoktau [Musa Shormanov. Zhoktau-lamentation]. Almaty: Zhazushy, 1990. 90 p. (In Kaz.)
- Kopeiuly, 1993 - Kopeiuly M.Zh. Kazak sheziresy [Kazakh genealogy]. Almaty: 1993. 76 p. (In Kaz.)
- Masevich, 1960 - Masevich M.G. Materialy po ppoliticheskoy istorii Kazahstana [Materials on the history of the political system of Kazakhstan]. Alma-Ata: 1960. Vol.1. 441 p. (In Rus.)
- Mukanov, 1974 - Mukanov M.S. Etnicheskii sostav i rasselenie kazahov Srednego Zhuza [Ethnic composition and resettlement of the Kazakhs of the Middle zhuz]. Alma-Ata: Nauka, 1974. 200 p. (In Rus.)
- CCLRE, 1830 – Polnoe Sbranie zakonov Rossiiskoi imperii [Complete collection of laws of the Russian Empire]. SPb: 1830. Retrieved from [https://nlr.ru/e-res/law\\_r/content.html](https://nlr.ru/e-res/law_r/content.html) (In Rus.)
- Rumyancev, 1910 - Rumyancev P.P. Kirgizskii narod v proshlom i nastojashem [The Kyrgyz people in the past and present]. SPb.: 1910. 54 p. (In Rus.)
- Sherbina, 1905 - Sherbina F. A. Kirgizskaia narodnost v mestah krestianskih pereselenii [Kyrgyz people in the places of peasant resettlement]. SPb.: 1905. 45 p. (In Rus.)
- Yanushkevich, 2006 - Yanushkevich A. Dnevnik i pisma iz puteshestvii po kazahskim stepiam [Diaries and letters from a journey through the Kazakh steppes]. Pavlodar: EKO, 2006. 390 p. (In Rus.)
- Zhaksybaev, 1990 - Zhaksybaev S. Musa Shormanov – tsarskii polkovnik Musa Shormanov - tsarist colonel. *Industrial'naya Karaganda*. 1990. November, 20. 18 p. (In Rus.)





## Мазмұны 2023 № 26 (1)

### ӘДІСНАМА бөлімі

<i>1. Байгунаков Д.С., Сабденова Г.Е.</i> АРХЕОЛОГ В.Ф. ЗАЙБЕРТ ЖӘНЕ БОТАЙ МӘДЕНИЕТІ.....	5
--	---

### ТАРИХ бөлімі

<i>2. Муминов А.Қ., Утепбергенова Ұ.А.</i> СӘДУАҚАС ҒЫЛМАНИ ТАРИХШЫ РЕТІНДЕ.....	15
---	----

<i>3. Айдарбаева Р.Қ.</i> 1930 ЖЖ. ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДАҒЫ БОСҚЫНШЫЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	30
---	----

<i>4. Оралова А.А., Қара Ә.</i> ҚОЖАБЕРГЕН БАТЫР ЖӘНІБЕКҰЛЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДАҒЫ ТҰЛҒАЛЫҚ КЕЛБЕТІ (XVIII ғ. 2-ші жарт.) .....	43
--	----

<i>5. Турлыбекова А.М., Мусагажинова А.А., Жакупов М.О.</i> ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ МЕМЛЕКЕТТІК МҰРАҒАТЫНЫҢ ҚҰЖАТТАРЫНДАҒЫ АРНАЙЫ ҚОНЫС АУДАРУШЫЛАРДЫҢ ТРАГЕДИЯСЫ.....	58
--	----

<i>6. Сақтаганова З.Ғ., Қарсақова Г.Б.</i> 1921-1923 ЖЫЛДАРДАҒЫ АҚМОЛА ГУБЕРНИЯСЫНДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚТЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ САЛДАРЫНЫҢ АСПЕКТІЛЕРІ.....	72
---	----

<i>7. Маликова С.З., Шериязданов Б.Р.</i> АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ӨКІЛІ ЖҰМАҒАЛИ ТІЛЕУЛИННІҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ТЫҢ ДЕРЕКТЕР.....	83
---	----

<i>8. Жуманбаев Д.Н., Жуманбай Р.Н.</i> ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ БІРЛЕСТІКТЕРІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУ ТАРИХНАМАСЫ.....	93
--	----

<i>9. Кайруллина А.К., Батталов К.К., Жуматай С.</i> БАЯНАУЫЛ СЫРТҚЫ ОКРУГІ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ ТАРИХИ ШАРТТАРЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	108
--	-----

<i>10. Ильясова Г.С., Садықов Т.С.</i> ҚАЗАҚСТАННЫҢ СОЛТҮСТІК АЙМАҒЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК-ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ҮДЕРІСТЕР: 1999-2009 ЖЖ. МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ.....	120
---	-----

<i>11. Ким Г.Н.</i> ПОЛИВАРИАНТТЫ ЗЕРТТЕУ КӨЗІ РЕТІНДЕ ЖЕР АУДАРЫЛҒАН КӨРІСТЕРДІҢ ВАГОНДЫҚ (ОТБАСЫЛЫҚ) ТІЗІМДЕРІ.....	132
---	-----

### АРХЕОЛОГИЯ. ЭТНОЛОГИЯ. АНТРОПОЛОГИЯ бөлімі

<i>12. Гурсой М., Сиздиқов Б., Сералиев А.</i> МЫҢТӨБЕ НАУСЫ ХАҚЫНДА.....	144
--	-----



13. *Мионг С.О., Чан Б.С.*  
КЕҢЕСТІК КӘРІСТІК БАҚ-ТАҒЫ МӘДЕНИ РЕПРЕЗЕНТАЦИЯЛАУ ПРОБЛЕМАСЫ:  
ДОМИНАНТТЫ НАРРАТИВ ЖӘНЕ ТАРИХИ ЖАДЫНЫ ЖАСЫРУ.....163
14. *Ақымбек Е.Ш., Талеев Д.Ә. Шагирбаев М.С.*  
ТЕРІС-АСА АЛҚАПТАРЫНДАҒЫ ҚАҢЛЫ  
ЖӘНЕ ТҮРКІ ДӘУІРІ ЕСКЕРТКІШТЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ.....173
15. *Нозайбаева Д.Т. Ибадуллаева З.Ө.*  
ТУЫСТЫҚ АНТРОПОЛОГИЯДАҒЫ НЕГІЗГІ КОНЦЕПТІЛЕРДІҢ ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ  
КОМПОНЕНТІ: ОТАНДЫҚ ЖӘНЕ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕ.....190



## СОДЕРЖАНИЕ 2023 № 26 (1)

### Раздел МЕТОДОЛОГИЯ

1. Байгунаков Д.С., Сабденова Г.Е. АРХЕОЛОГ В.Ф. ЗАЙБЕРТ ЖӘНЕ БОТАЙ МӘДЕНИЕТІ.....	5
---	---

### Раздел ИСТОРИЯ

2. Муминов А.К., Утепбергенова У.А. САДУАҚАС ГЫЛМАНИ КАК ИСТОРИК.....	15
3. Айдарбаева Р.К. 1930 жж. ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДАҒЫ БОСҚЫНШЫЛЫҚ МӘСЕЛелЕРІ.....	30
4. Оралова А.А., Қара А. ҚОЖАБЕРГЕН БАТЫР ЖӘНІБЕКҰЛЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДАҒЫ ТҰЛҒАЛЫҚ КЕЛБЕТІ (XVIII ғ. 2-ші жарт.).....	43
5. Турлыбекова А.М., Мусагажсинова А.А., Жакупов М.О. ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ МЕМЛЕКЕТТІК МҰРАҒАТЫНЫҢ ҚҰЖАТТАРЫНДАҒЫ АРНАЙЫ ҚОНЫС АУДАРУШЫЛАРДЫҢ ТРАГЕДИЯСЫ.....	58
6. Saktaganova Z.G., Karsakova G.B. SOME SOCIO-ECONOMIC AND DEMOGRAPHIC CONSEQUENCES OF FAMINE IN NORTHERN KAZAKHSTAN IN 1921-1923 (ON THE EXAMPLE OF AKMOLA PROVINCE).....	72
7. Malikova S. Z., Sheriyazdanov B.B. NEW SOURCES ON THE LIFE COURSE OF THE ALASH INTELLIGENTSIA REPRESENTATIVE ZHUMAGALI TLEULIN.....	83
8. Zhumanbayev D.N., Zhumanbay R.N. HISTORIOGRAPHY OF THE FORMATION AND DEVELOPMENT OF PUBLIC AND POLITICAL ASSOCIATIONS OF INDEPENDENT KAZAKHSTAN.....	93
9. Кайруллина А.К., Батталов К.К., Жуматай С. БАЯНАУЫЛ СЫРТҚЫ ОКРУГІ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ ТАРИХИ ШАРТТАРЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	108
10. Ilyassova G.S., Sadykov T.S. SOCIO-DEMOGRAPHIC PROCESSES OF THE NORTHERN REGION OF KAZAKHSTAN: BASED ON THE MATERIALS OF 1999-2009.....	120
11. Ким Г.Н. ПОВАГОННЫЕ (ПОСЕМЕЙНЫЕ) СПИСКИ ДЕПОРТИРОВАННЫХ КОРЕЙЦЕВ КАК ПОЛИВАРИАНТНЫЙ ИСТОЧНИК ИССЛЕДОВАНИЯ.....	132



**Раздел**  
**АРХЕОЛОГИЯ. ЭТНОЛОГИЯ. АНТРОПОЛОГИЯ**

<i>12. Гурсой М., Сиздиқов Б., Сералиев А.</i> МЫҢТӨБЕ НАУСЫ ХАҚЫНДА.....	144
<i>13. Мионг С.О., Чан Б.С.</i> ПРОБЛЕМА КУЛЬТУРНОЙ РЕПРЕЗЕНТАЦИИ В СОВЕТСКИХ КОРЕЙСКИХ СМИ: ДОМИНАНТНЫЙ НАРРАТИВ И СОКРЫТИЕ ИСТОРИЧЕСКОЙ ПАМЯТИ.....	163
<i>14. Акымбек Е.Ш., Талеев Д.А. Шағирбаев М.С.</i> ТЕРІС-АСА АЛҚАПТАРЫНДАҒЫ ҚАҢЛЫ ЖӘНЕ ТҮРКІ ДӘУІРІ ЕСКЕРТКІШТЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ.....	173
<i>15. Ноғайбаева Д. Т. Ибадуллаева З.О.</i> МИРОВОЗЗРЕНЧЕСКИЙ КОМПОНЕНТ ОСНОВНЫХ КОНЦЕПТОВ В АНТРОПОЛОГИИ РОДСТВА: ОТЕЧЕСТВЕННЫЙ И ЗАРУБЕЖНЫЙ ОПЫТ.....	190



**CONTENT 2023 № 26 (1)**

**Section  
METHODOLOGY**

<i>1. Baigunakov D.S., Sabdenova G.E.</i> ARCHAEOLOGIST V.F. ZAIBERT AND BOTAI CULTURE.....	5
--	---

**Section  
HISTORY**

<i>2. Muminov A.K., Utepbergenova U.A.</i> SADUAQAS GHILMANI AS A HISTORIAN.....	15
---	----

<i>3. Aydarbayeva R.K.</i> 1930 REFUGEE PROBLEMS IN THE TERRITORY OF EAST KAZAKHSTAN IN THE 1930s.....	30
--	----

<i>4. Oralova A.A., Kara A.</i> PERSONALITY OF BATYR KOZHABERGEN ZHANIBEKULY IN THE CONTEXT OF INTERNATIONAL RELATIONS (SECOND HALF OF THE 18TH CENTURY).....	43
---	----

<i>5. Turlybekova A.M., Musagazhinova A.A.,</i> THE TRAGEDY OF THE SPECIAL SETTLERS IN THE DOCUMENTS OF THE STATE ARCHIVE OF THE PAVLODAR REGION.....	58
---	----

<i>6. Saktaganova Z.G., Karsakova G.B.</i> SOME SOCIO-ECONOMIC AND DEMOGRAPHIC CONSEQUENCES OF FAMINE IN AKMOLA PROVINCE IN 1921-1923.....	72
--	----

<i>7. Malikova S.Z., Sheriyazdanov B.R.</i> NEW SOURCES ON THE LIFE COURSE OF THE ALASH INTELLIGENTSIA REPRESENTATIVE ZHUMAGALI TLEULIN.....	83
--	----

<i>8. Zhumanbayev D.N., Zhumanbay R.N.</i> HISTORIOGRAPHY OF THE FORMATION AND DEVELOPMENT OF PUBLIC AND POLITICAL ASSOCIATIONS OF INDEPENDENT KAZAKHSTAN.....	93
--	----

<i>9. Kairullina A.K., Battalov K.K., Zhumatay S.</i> HISTORICAL CONDITIONS AND FEATURES OF BAYANAUL OUTER DISTRICT'S FORMATION.....	108
--	-----

<i>10. Ilyassova G.S., Sadykov T.S.</i> SOCIO-DEMOGRAPHIC PROCESSES OF THE NORTHERN REGION OF KAZAKHSTAN: BASED ON THE MATERIALS OF 1999-2009.....	120
--	-----

<i>11. Kim G.N.</i> CARRIAGE (FAMILY) LISTS OF DEPORTED KOREANS AS A POLYVERSION SOURCE OF RESEARCH.....	132
--	-----



---

**Section**  
**ARCHAEOLOGY. ETHNOLOGY. ANTHROPOLOGY**

12. *Gursoy M., Sizdikov B., Seraliyev A.*  
ON THE SAGANA IN THE MYNTOBE.....144
13. *Soon-ok Myong, Byong-soon Chun.*  
THE PROBLEM OF CULTURAL REPRESENTATION IN SOVIET KOREAN MEDIA:  
DOMINANT NARRATIVE AND CONCEALMENT OF HISTORICAL MEMORY .....163
14. *Akymbek Y.Sh., Taleev D.A., Shagirbayev M.S.*  
HISTORY OF STUDY OF SITES OF KANGUY  
AND TURKIC EPOCHS IN TERIS-ASA VALLEYS.....173
15. *Nogaibayeva D.T. Ibadullayeva Z.O.*  
IDEOLOGICAL COMPONENT OF THE MAIN CONCEPTS  
IN THE ANTHROPOLOGY OF KINSHIP: DOMESTIC AND FOREIGN EXPERIENCE.....190



**Редакцияның мекен-жайы:**

050100, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көшесі, 28  
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты  
«Отан тарихы» журналының редакциясы

Сайтқа сілтеме: <https://otan.history.iie.kz>

Тел.: +7 (727) 272-46-54.

E-mail: [otanhistory@gmail.com](mailto:otanhistory@gmail.com).

Журнал Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде  
1998 ж. 9 наурызда тіркеліп, N 158-ж куәлігіне ие болды.

Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және басқа да көшірмелерге  
түсіргенде міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.

---